

***М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ***

**Орындаған: Қылышбек Жанна  
Қабылдаған: Дәуренбекова Әсел**

*№13 Дәріс*

*Тақырыбы:*

*Психологиялық кеңес беру*

*Психологиялық кеңес беру – оқу-тәрбие процесінде туындаған проблемаларды шешуге көмек көрсету. Кеңес беру жұмысында психологтың іскерлік, дағдысын дамыту мен бірге бұл арнайы дайындықты талап етеді.*

*Психологиялық ағартудың ең бір көп тараған түрі психологиялық консультация (кеңес беру). Яғни, психолог консультациялық іс-әрекетті бағдар беру, ағартуды, сабақтарда жүзеге асыру. Бұл маманның клиентке кеңесі, нақты бір мәселеге қатысты жиналыс, нақты бір жағдайдағы адамның мінез-құлқы бойынша пікірін білдіру деп түсіндіріледі.*

## **□ Психологиялық кеңестің мақсаты мен міндеттері**

- Кеңес алушының туындаған мәселесін тез арада шешуге көмек жасау. мәселен, бала мәселесіне байланысты ата-ананың ренжісіп қалуы, екі адамның бір-біріне ренжуі т.б.
- Бір мәселе қайталана берсе, онда кеңес алушыны психопрофилактикаға шақыру қажет. Мұнда шешімін таба алмай жүрген мәселелерді өздері шешуге талпынады.
- Адамдардың психологиялық білімдерін жетілдіру үшін пайдалы психологиялық кеңестер беріп отыру керек.
- Кеңес алушы бірден табысқа жетпеуі мүмкін, бірнеше рет кеңес алудың нәтижесінде қол жеткізетіндігін түсіндіру.
- Кеңес алушының алғаш келген кездей ойы мен кейес алғаннан кейінгі ойын салыстыру. Кейбір жағдайда психологтың ойы мен кеңес алушының ойы бір-бірімен сәйкес келіп жатады, ал кей кезде мүлдем ашақ болуы мүмкін.
- Кеңес алушының туындаған мәселесіне жеңіл қарамай, оған шын мән беріп шешу керектігіне көз жеткіз.

*Р.С. Немовтың  
“Психологиялық кеңес  
берудің негізі” атты  
кітабында психологиялық  
кеңес берудің кезеңдері  
мынадай түрлерге бөледі:*

*Дайындық кезеңі (20-30). Бұл кезеңде кеңес беруші клиенттің құжатын қарастырып, бар болған мәселе бойынша әдебиеттерді іріктеп, кеңесудің жүргізу жоспарын өңдейді.*

*Бағытталу (настроечный)  
кезеңі (5-7мин). Клиентпен  
кездесіп, қарым-қатынасқа  
түседі.*

*Диагностикалық кезең  
(60 мин., кейде 4-6-8 сағ.).  
Бұл кезеңде клиенттің  
тұлғалығына  
диагностика жүргізіледі.  
Және клиент осы кезеңде  
тәубе (исповедь) етеді.*




*Ұсыныстар беру кезеңі  
(40-60мин.). Алынған  
мәліметтер бойынша мәселені  
шешу алгоритмін өңдеп,  
клиентпен бірге мәселені шешу  
алгоритмін іздестіреді.*

*Бақылау кезеңі (20-30мин.)  
Кеңес беруші психолог пен  
клиент бірге отырып,  
табылған алгоритмді  
жүзеге асырудың бақылау  
әдістері жайлы келіседі.*

*Егер де құрылымдық компоненттерді интегралдасақ,  
онда психологиялық кеңес беру барысын  
келесі түрде көрсетуге болады:*

- *Бірінші кезең. Жұмыс басы. Бұл кезеңде клиентпен кездеседі, танысады, қарым-қатынасқа түседі.*
- *Екінші кезең. Мәлімет жинақтау. Бұл кезеңнің мақсаты-клиенттің тұлғалығын диагностикалау (әңгімелеу, бақылау, тестілеу), қасиеттерін анықтау, мәселенің мәнін ашу.*
- *Үшінші кезең. Стратегиялық: Мәселенің мүмкін шешімдерін анықтау, әрекет ету жоспарын келісу, айқындалған жоспарды жүзеге асырудың бақылау әдістерін анықтау.*
- *Төртінші кезең. Клиентпен жоспарды жүзеге асыру. Маманның қатысуынсыз, клиенттің өздігімен орындалады.*



*Зейін салғандарыңызға  
рахмееееееет!!!*

